

UDC/ЭОЖ/УДК 94"04/15"; 94(574)  
CICSTI/FTAMP/MPHTI 03.09.25; 03.20.00

## The “Great Migration of Peoples” in the Late Antiquity in the History of Eurasia (IV–V centuries)

**Alexander Sh. Kadyrbaev**

*Doctor of History, Professor, Leading Researcher, Institute of Oriental Studies of the Russian Academy of Sciences, Moscow, Russian Federation. E-mail: kadyr\_50@mail.ru  
<https://orcid.org/0000-0001-9543-8563>*

**Keywords:** Huns; Xianbi; Avars; Ostrogoths; Visigoths; Turks; Mongols; Iranians

**Тірек сөздер:** ғұндар; сәнби; аварлар; остготтар; вестготтар; түріктер; моңғолдар; ирандықтар

**Ключевые слова:** гунны; сяньби; авары; остготы; вестготы; тюрки; монголы; иранцы

The article outlines a broad panorama of the events of the era of the so-called “Great Migration of Peoples”, or the “Migration Period”. Emphasis has been put on the Xiongnu tribes, known in Europe as the Huns. The data on the Huns, left by such authoritative historians as Sima Qian, Ammianus Marcellinus, Dionysius, Priscus of Panias, Jordan, Claudius Claudian, and others, are examined. The social system and legal system of the Huns, their economic base, anthropological and cultural features are characterized in detail. The article covers the complex relations of the Huns with the Iranian-speaking Alans and Germanic Visigoths, as well as their military clash with the Western Roman Empire in detail.  
**For citation:** Kadyrbaev Alexander Sh. 2023. The “Great Migration of Peoples” in the Late Antiquity in the History of Eurasia (IV–V centuries). *Qazaq Historical Review*, 1 (4), 458–467 (in Qazaq).

## Ерте ортағасырдағы «Халықтардың ұлы көші». Еуразия тарихы. IV–V ғасырлар

**Александр Ш. Қадырбаев**

*тарих ғылымдарының докторы, профессор, жетекші ғылыми қызметкер, Ресей ғылым академиясының Шығыстану институты, Мәскеу, Ресей Федерациясы*

Мақалада «Халықтардың ұлы көші» кезіндегі оқиғалар сипатталған. Әсіресе, Еуропада ғұндар деген атпен мәлім суннулар тайпасына айрықша тоқталған. Сыма Цянь, Аммиан Марцеллин, Дионисий, Приск Панийский, Иордан, Клавдий Клавдиан секілді тағы да басқа Ежелгі және Ортағасырдың танымал тарихшыларының ғұндар туралы мәліметтерін келтірген. Ғұндардың қоғамдық құрылысы мен құқықтық жүйесі, экономикалық базасы мен антропологиялық, мәдени ерекшеліктері егжей-тегжейлі сипатталған. Иран тілді аландармен, герман вестготтарымен күрделі қарым-қатынасы және Батыс Рим империясымен қақтығысы баяндалған.

**Сілтеме жасау үшін:** Қадырбаев А.Ш. Ерте ортағасырдағы «Халықтардың ұлы көші». Еуразия тарихы. IV–V ғасырлар. *Qazaq Historical Review*. 2023. № 1 (4). 458–467-б.

## «Великое переселение народов» в раннем средневековье в истории Евразии. IV–V века

**Александр Ш. Қадырбаев**

*доктор исторических наук, профессор, ведущий научный сотрудник, Институт востоковедения РАН, Москва, Российская Федерация*

В статье обрисована широкая панорама событий эпохи «Великого переселения народов». Особый акцент сделан на племенах сунну, известных в Европе как гунны. Проанализированы данные о гуннах, которые оставили нам такие авторитетные историки Древности и Средневековья, как Сыма Цянь, Аммиан Марцеллин, Дионисий, Приск Панийский, Иордан, Клавдий Клавдиан и другие. Детально охарактеризован общественный строй и

правовая система гуннов, их экономическая база, антропологические и культурные особенности. Детально освещены сложные взаимоотношения гуннов с ираноязычными аланами, германскими вестготами, а также военное столкновение гуннов с Западной Римской империей.

**Для цитирования:** Қадырбаев А.Ш. «Великое переселение народов» в раннем средневековье в истории Евразии. IV–V века. *Qazaq Historical Review*. 2023. № 1 (4). С. 458–467 (на каз. яз.).

## Кіріспе

Мыңдаған жыл ішінде Ұлы далада қаншама жаңа халық өмірге келді, қаншамасы жойылып кетті. Біздің олар туралы білетінімізден білмейтініміз көп. Өйткені көшпенділердің тарихта қалдырған ізі – құм бетіне түскен жылқы тұяғының ізі секілді. Сондай халықтардың бірі, Еуропа ғұндар деп атайтын сюнну халқының тарихы жұмбақ пен құпияға, әртүрлі аңызға толы.

Сюннулар мен олардың ұрпақтары – ғұндардың тарихы – бірінші кезекте Хуанхэден Дунайға, одан әрі Франция мен Италияға дейінгі аралықты кең жайлаған көшпенді-малшы тайпалардың тарихы. Бірақ олардың этникалық атын, бүгінгі тілмен айтқанда «ұлттық» сипатын нақты атау қиын. Өйткені олар Еуразияның көптеген халықтары, әсіресе көшпенділер мидай араласқан «Ұлы көш» – «Халықтардың ұлы көші» ретінде мәлім кең байтақ жерде түрлі өзгерістерді бастан кешті [Кляшторный, Сұлтанов 1992: 11].

*Бірінен бірі аумаптын көрініс саяхатшының көз алдында күні бойы қайталанады: өткен жылдан қалған қураған шөп түсіндей сарғайған шексіз дала, дауыл мен уақыт тоздырған, кей тұстарына желмен жарысқан киік суреті салынған жартастар мен жоталар* [Исмаилова 1996: 210].

Маньчжуриядан Венгрияға дейін созылып жатқан Ұлы даланы саяхатшы осылай сипаттады. Әрине, өте сүреңсіз картина, дегенмен ол – алдамшы әсер ғана. Бұл жер – көптеген ежелгі халықтардың Отаны. Жүздеген ғасыр бойы осы жерде «әлемді» дүр сілкіндірген алуан түрлі мемлекеттер мен одақтар дәуірледі, даңқты батырлар өмір сүрді.

## Талқылау

Біздің заманымызға дейінгі II ғасырдың ортасына дейін Қытайдан сыртқары жерде, Орталық Азияның шығысында өмір сүрген, аса қуатты көшпенділер мемлекетін құрған сюннулар (Xiongnu) қытайдың батысқа жылжуына бірнеше ғасыр бойы тосқауыл қойып келді. II ғасырдың бірінші жартысынан бастап сюннулар Шығыс Қазақстан мен Жетісуға қоныс аудара бастады, сөйтіп V ғасырға дейін өмір сүрген Юэбань мемлекетін құрды. Сонан кейін Батыс Сібірдің үгор тайпаларымен бірге Орал, Каспий жағасы мен Еділ бойына ауа көшті. Юэбань басшысы *шаньюй* деп аталатын дәстүрлі титулды иеленді. Сюннулардың бұл мемлекеті Солтүстік Қытайдың Вэй мемлекетімен елші алмасты, тіпті, кейін Еуропада аварлар деген атпен мәлім болған жуань-жуандарға қарсы одақ та құрды (кейін Еуропада). Юэбаньдар туралы ең белгілі мәлімет – қытай жылнамаларындағы естеліктер. Ол жылнамада бұл мемлекет халқы – солтүстік сюнну ұрпақтарының тілі гаогюйлер, яғни ежелгі түркі тайпаларының тілімен ұқсастығы айтылған [Таскин 1968: 98].

Әдетте, жұт жеті ағайынды емес пе? III ғасырда Орталық Азия даласында әртүрлі табиғи апат қатар келді. Алапат құрғақшылық болып, көшпенді халық өмірге жайлы жер іздеуге мәжбүр болды. Сөйтіп сюннулардың ата қонысындағы өмір ырғағы бұзылды. Тарихи мәлімет көздері мұны

*сюннулар жерінде қатарынан бірнеше жыл құрғақшылық болып, шегіртке қаптады, мыңдаған гектар жердің шөбі мен ағашы қурап, жалаңаштанып қалды, халық малынан айырылды, аштық пен ауруға душар болып, көпшілігі қырылды деп сипаттайды* [Бичурин 1950: 258–259].

Осылайша, апаттан бас сауғалаған сюннулар туған жұртын тастап, батысқа қарай үдере көшті, жолында кездескен халықтармен біте қайнасып, араласып кетті. Бұл көш Орталық Азия, Орал мен Еділ жағасынан өтті.

IV ғасырда Орталық Азияда сюннуларға бағынған тайпалардың бірі түркі тілде бұлғарлар деген атаумен мәлім. Бұлғарлар да сюннулар көшіне ілессе керек, V ғасыр соңында бұлғар тайпалары Төменгі Дунай мен Византия шекарасынан Еділге, Кавказ сілемдеріне дейінгі кең байтақ жерге жайылды.

V ғасырда түрік, моңғол, ирандық, тұңғыс, славян, фин-угор, герман тайпаларымен араласып кеткен, ата бабаларына сыртқы пішіндері ұқсамаса да ерлік дәстүрін сақтап қалған сюнну ұрпақтары – ғұндар (гунны) аяқ астынан Еуропаның үрейін ұшырды. Аттила бастаған ғұндар Рим империясына күйрете соққы берді.

### Зерттеу нәтижелері

Азия сюннулары мен Еуропадағы ғұндарды өзара салыстыру кейде күдік туғызатыны бар. Өйткені олардың Орталық Азия даласынан батысқа жылжығанын нақты көрсететін мәліметтер жоқ. Сюннулардың да, ғұндардың да тілі қандай болғаны туралы анық мағлұмат табу қиын. Азиядағы болсын, Еуропадағы болсын, ғұндардың негізгі бөлігі, кейбір болжамдарға қарағанда, түркілер мен моңғол, тұңғыс-манчжур халықтарының ата-бабалары алтай тайпалары болса керек. Бұл әрине ғұн бірлестігінің түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, қазіргі мажарлардың ата-бабасы угорлардың иран тілді халықтар мен тіпті славяндар мен германдар тілдерінен тұратын көптілділігін жоққа шығармайды.

Біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында Еуропаға үрей туғызған көшпенді халықтар *ғұндар* деп аталғаны кездейсоқтық емес шығар.

Әрине Еуропа жылнамашылары Азия түкпірінде көшпенді сюннулар империясы өмір сүргенін білді. Сюннулар туралы мәліметтер тек сауда айырбасы ғана емес, сонымен қатар ақпарат көзіне де айналған Жібек жолы жетіп жатты. Оның үстіне, Жібек жолының кей тұстары дәуірлеп тұрған сюннулардың бақылауында болды. Сондықтан Орталық Азия көшпенділерінің қуатты империясы туралы мәліметтер тым әсерлі болғаны соншалық *сюнну* атауы Еуропаға тез жайылды; латын тіліндегі мәлімет көздерінде сюнну атауы түрліше жазылды, соның ішінде *Hunis* немесе *Kunni* де бар. Сол себепті көшпенділер ордасы Еуропа шекасарында пайда болған кезде оларды *ғұндар* деп атады. Көшпенділердің бірнеше жоңғарынан кейін бұл атау түпкілікті қалыптасты.

Оңтүстік-Шығыс Еуропа даласында ғұндар аяқ астынан пайда болды. IV ғасырдың 70-жылдары олардың алғашқы олжасы Азов жағалауындағы иран тілді аландар болды. Олардың бір бөлігі ғана Солтүстік Кавказ тауларына қашып құтылды. Кубань өлкесін басып алған ғұндар қыста мұз арқылы Керчень бұғазы арқылы Қырымға өтіп, Боспор патшалығының сол кездегі бай қалаларын талқандады.

Ғұндар Днестерге дейін барып, сармат-аландар мен германның гот тайпаларын талқандап ұлан-байтақ жерге ие болды. Олардың бір бөлігін ғұндар өзіне қосып алды, қалғаны Днестрден асып қашты. 376 жылға қарай ғұндар Рим империясының шекарасына жетті. 409 жылы ғұндар герман тайпасы вестготтар билеушісі бастаған әскер құрамында Рим жорығына қатысты. Аттила бастаған ғұндардың екпіні күшті болғаны соншалық Еуропа олардың Азия түкпірінен небәрі бірнеше жылда Батыс Еуропаға дейін қалай жетіп келгенін түсінбей де қалды.

V ғасырдағы Рим жылнамашысы Аммиан Марцеллин «Жолында кездескеннің бәрін құйындай жайпап өтетін бұрын біз көрмеген адамдар» деп жазды. Ертедегі авторлардың еңбектерін зерттеуші Рим эрудитіне ғұндар мүлде басқа халық болып көрінді.

II ғасырдың ортасында өлеңмен жазылған *Ойкумена сипаттамасы* (*Periegesis tes oikumenes*) авторы Дионисий ғұндарды шамамен Каспий жағасының халқы деп есептеген. Сол ғасырдың екінші жартысында Александрияның атақты географы Клавдий Птолемей де сондай мәлімет қалдырған. Бірақ IV–V ғасырларда Еуропаның қандай білімді адамы болса да мұндай қысқа мағлұматтардан көп нәрсе ұға алмайтын еді. Сол себепті бұған дейін көрмеген, белгісіз халықпен арадағы қақтығыс тек күтпеген жағдай ғана емес, өте үрейлі де көрінді.

Шығыстан келген көшпенділер мен олардың Рим әлеміне әсеріне Аммиан Марцеллин классикалық анықтама берді.

*Оның сөзінше, жабайылықтың шегіне жеткен ғұндар бүкіл бақытсыздық пен апаттың түп-төркіні мен себепкері болды, желкелері күжірейген тығыршықтай құбыжық, тау мен орманда көшіп жүретін олар ыстық-суық пен аштыққа бесікте жатқаннан үйренген; өте қажет болмаса жат жерде үйге кірмейді, жаяу соғыста қимылдары орашолоқ болғанымен атқа мінгенде өзгеріп кетеді, әрбірі күндіз-түні ат үстінде жүріп, ат үстінде ішіп-жейді, ат мойнын құшақтап терең ұйқыға кете салады. Маңызды мәселені ақылдасу керек болса қарапайым тәртіппен кеңесе қояды; оларда патшаның қатаң билігі жоқ, танымал адамдардың бастауымен жолында кездескеннің бәрін жайпап өтеді. Олардың ешқайсы да егін егіп, соқамен жер жыртпайды, тұрақты қоныстары да жоқ, мәңгі қашқындар секілді киіз үймен әр жерде көшіп, сонда өмір сүре береді. Әйелдері киім тігеді, күйеулерімен жатады, бала туып, есейгенше емізеді. Олардың ешқайсысы отаның қайда деген сұраққа жауап бере алмайды; өйткені бір жерде дүниеге келген, үшінші жерде өскен [Латышев 1906: XXXI, 2].*

Тарихшы ғұндардың дала халқының көшпенді өмір дәстүрі мен жазылмаған заңдарын қатаң ұстанатынын атап өткен. Жаумен қақтығысқан жағдайда еркектері қару алып, қолбасшы сайлаған да барлық шаруаны әйелдерге қалдырып жорыққа аттанған. Әскери тәртіпті бұзғандарды, мысалы жақынына қару кезенгендерді өлім жазасына кескен. Тәртіп қатаң, бірақ өте қарапайым заңдармен орындалған. Ғұндар қоғамының құқықтық жүйесі туралы мәлімет өте аз. Оны Сыма Цянның мына сөзімен сипаттауға болады:

*Олардың заңында, қылышын кім бірінші суырса, сол өлім жазасына кесіледі; ұрлық жасаған адамның отбасы тәркіленеді; жеңіл қылмыс жасаған адамға таяқпен дүре соғады, ауыр қылмыс жасаған адам өлім жазасына кесіледі. Сыма Цянь ғұндардың түрмесі туралы да айтқан: Ең ұзағанда түрмеге 10 күн қамайды, бүкіл мемлекетінде қамалғандар бірнеше адамнан аспайды [Сыма Цянь 1958, гл. 123: 2051 (1521)].*

Ғұндардың әрбір адамы өзінің қай ру-тайпадан шыққанын және көші қон жолын біледі, бақытсыздыққа ұшыраса, ауыра қалса немесе қартайса туыстары тастап кетпейтініне, асырайтынына сенімді жүреді. Қатаң көшпенді өмір оларды тайпаластарының арасындағы ең тәжірибелі де беделді адамның айналасына шоғырлануды үйреткен. Қай отбасының қай жерді жайлайтынын да сол беделді адамдары белгілеп берген. Сырын білмейтіндерге көшпенділер мал қайда барса сонда салпақтап жүрген адамдар болып көрінеді. Бірақ оларды жері мен көш-қондарын табиғат пен ақсақалдар қатаң белгілеп береді: көктемде шөбі мен сылдырап аққан суы мол тауға көшеді, қыста бораннан ықтап, тау етегіне түседі. Ғұндардың өмірі осылайша жылдан жылға, ғасырдан ғасырға жалғасты.

Ғұн билеушісі Аттила сарайында Византия елшілігін басқарып барған V ғасырдағы гректің белгілі жылнамашысы әрі дипломат Приск Панийский мен VI ғасырда герман готтарынан шыққан Иорданның да ғұндарды сипаттағаны Рим авторларының естеліктеріне ұқсайды. Соңғысы «тарихшы Приск жазуына қарағанда, Маотия көлінің қиыр шетіне орналасқан бұл қатыгез халық аңшылықтан өзге кәсіпті білмеген, тайпа деңгейіне дейін көбейгенде көрші тайпалардың тыныштығын бұзумен шұғылданған» деп суреттейді. Аммиан Марцеллин, Прииск Панийский мен Иордан сипаттамаларында қалай болғанда ғұндарды жабайы

тайпа қатарына қосып, әсірелеп жіберетіні байқалады. Әйтсе де Присктің ғұндар өмірінің кейбір биік ұстанымдарын мойындайтыны бар. Аттила ордасына бара жатқан жолда ол бұрын ғұндар тұтқындаған көптеген гректерді көрген. «Олар Рим империясынан гөрі, Аттила патшалығында өмір сүрген оңайырақ екенін айтқан...». Мұнан өзге, ғұндардың материалды мәдениеті мен соғыс өнері де айтарлықтай дамыған. Олар қамал бұзғыш техникасымен берік қамалдар мен қалаларға бұзып кірген.

Ғұн қоғамының экономикалық базасы аталған жылнамашылар жазғандай аңшылық емес, мал шаруашылығы болғанын археология мәліметтері көрсетіп отыр. Орталық Азиядан Еуропаға дейінгі барлық қорымдардан археологтар жылқы, қой, сиыр секілді үй жануарларының сүйектерін тапты. Ғұндардың негізгі және маңызды саудасы жылқы болды, оның ішінде мініс жылқысы. Қолдарындағы малдың етін жеп, сүтін ішті, терісі мен жүні, сүйектері қолөнер материалына айналды. Римдіктер үшін «Әлем билеушісінің» символы болып есептелетін тоға киген ұлы римдік Аммиан Марцеллинге ғұндарды лайықты бағалау қиынға соқты. Отырықшы халықтарға шапқыншылық жасау, тамағын тартып алып, өздерін құлдыққа салу – ғұндардың өмір салтына және өмірге қажетті игіліктің негізгі көзіне айналды. Онысы дала ғұндарының Батыс Рим империясының шекаралық қорғаныс шептерін бұзып өткенде және олардың көсемі Аттила Еуропада ғұн империясын құрғанда көрінді. Ғұндар өздерінің өмір салтын мақтаныш тұтып, «біз садақ және қылышпен» өмір сүреміз десті. Рим тарихшысы Клавдий Клавдиан олар соғыс үстінде өлуді мәртебе деп есептеді деп жазды. Византия мәліметтерінде ғұндар «соғыс пен тонаушылыққа, үйінде емес, жат жерде жүруге құмар, үнемі өзгеден олжа түсіргісі келіп тұратын халық» деп суреттелді.

Осылай суреттелсе де ғұндар Еуропа мәдениетіне ғұн садағы мен жебесін, қола қазан мен зергерлік бұйымның ерекше формаларын алып барды. Еділ мен Орал жағасында, Орталық Азия мен Солтүстік Кавказда, Солтүстік Қара теңіз жағасы мен Дунай алабындағы қорымдардан табылған алтын сырғалар мен медальондар және өзгеде әшекейлер ғұндардан қалған. Олардың көпшілігі алтын мен күмістен немесе алтын жалатылған қоладан құйылып, түрлі түсті тас пен шыныдан көз салынған. Олар «Халықтардың ұлы көші» дәуіріндегі түрлі түсті стильге жатады.

Ұлан-ғайыр жер мен көптеген халықтардың билеушісіне айналған Аттила Римге жорық бастап, Дунайдың оң жағалауындағы көптеген тайпаларды бағындырды, Константинополь (қазіргі Стамбул) мен Шығыс Рим империясы (Византия) жерін басып алуға ұмтылды. Византия императоры Аттилаға алты мың фунт алтын төледі және өзі мен қарауындағы бодандардың ғұн билеушісіне мәңгілік алым төлеуге тиістігін мойындады, жыл сайын 700 мың фунт көлемінде алтын төлеуге міндеттенді. Бағынышты халықтар мен мемлекеттер төлеген алым-салықтың арқасында ғұндар мемлекетінде ішкі салық болған жоқ. Әскери олжаның бәрі көшпенділерге таратылды. Ал Шығыс Рим немесе Византия империясының халқы салық жинаушылардың зорлық-зомбылығынан әбден қорлық көрді. Аттила өзіне берілген бодандардан мүлде салық жинамады, өйткені оның қазынасы соғыс олжасы мен Византия салығы есебінен онсыз да толып тұратын.

Аттила бастаған ғұндар 436 жылы бургундия корольдігін талқандады. Осы және өзге де оқиғалар немістің «Нибелунгтар туралы жыр» эпосы мен герман-скандинав тайпаларының алуан аңыздарына арқау болды.

V ғасырдың 40-жылдары Аттила Батыс Рим империясының ішкі ісіне араласып, жерінің бір бөлігіне көз салды. Ол кезде Батыс Римді бала Валентиниана III императордың анасы Галла Платидия басқарып тұрды. Аттила өз сарбаздары мен герман тайларындағы одақтастарын жорыққа бастап шығып, 451 жылы Каталаун жотасында (қазіргі Франция жері) өткен «халықтар шайқасында» римдіктермен және олардың одақтастарымен кескілесті. Бұл шайқаста бұрын ғұн тұтқынында болып, олардың жорықтарына қатысып көрген, Рим



Fig. 1. Hun bronze cauldron. Mongolia. 1<sup>st</sup> century BC [Ускенбай 2008: 115]

1-сур. Ғұндардың қола қазаны. Моңғолия. Б.з.д. I ғ. [Ускенбай 2008: 115]

Рис. 1. Гуннский бронзовый котел. Монголия. I век до нашей эры [Ускенбай 2008: 115]



Fig. 2. Hun compound bow with arrows and quiver. Xinjiang. China. 3<sup>rd</sup>–4<sup>th</sup> centuries

2-сур. Ғұндардың күрделі құрамды садағы, жебелері мен қорамсағы. Шыңжаң. Қытай. Б.з. III–IV ғ. [Ускенбай 2008: 117]

Рис. 2. Гуннский сложносоставной лук со стрелами и горит. Синьцзян. Китай. III–IV века



императоры гвардиясының қолбасшысы Флавий Аэций жеңіске жетті. Ол «жабайылардың» мінез-құлқы мен дәстүрін жақсы білетін. Ғұндардың одақтасы болып келген гармен тайпалары – вандалдарды, франктерді, бургундтарды қорқытып-үркіту, сатып алу, айламен көндіру арқылы өз жағына тарта алды. Каталаун шайқасы – Батыс өркениетінің тағдыры шешілген, әлем тарихындағы аса маңызда бетбұрыс болды.

Ұлан-ғайыр жерде ғұндармен әлеуметтік және этникалық байланысы жоқ алуан халықтарды бір билікке күшпен бағындырудың қиындығы мен ауқымы аса үлкен жорықтар Аттиланың сәтсіздікке ұшырауына себеп болды.

Алайда Аттиланың күші Каталаун шайқасынан соң да сарқыла салған жоқ. Келер жылы Италияда Аквилеяны, Павия мен Миланды басып алып, Римге шабуыл бастады. Рим әскерінің оған қарсы тұратын шамасы болмады. Алайда ғұндар билеушісі Италияны шарпыған індеттен сескеніп, өзі шегініп, Альпіден асты. Мұны Иордан да осылай жазды.

Ғұндардың басқыншылығы Батыс Рим империясын шайқап, 476 жылы біржола құлатты. Бұл – антика әлемінің соңы еді.

Осынау жеңіс суннулар ұрпағының соңғы жеңісі болды. Аттила өлген соң ғұндар тарих сахнасынан жоғалды. Аттилаға тойтарыс берген Флавий Аэций де көп өмір сүрмеді, сарай төңкерісінен өлді. Аттила образы жазба деректерде молынан сипатталды. Иордан «Гетика» деп аталатын еңбегінде оны «барлық ғұндардың әміршісі және бүкіл Скифия тайпаларының билеушісі, барлық жабайылардың арасында шексіз даңққа ие болған адам» деп жазды. Оның жазуына қарағанда, «басы үлкен, көзі қысық, жалпақ мұрынды Аттиланың шығу тегі анық білініп тұрған» [Жумагулов 1998: 35–38], яғни Азиядан шыққан моңғолоид келбеті анық байқалған.

Шығыс Азияда, нақтырақ айтқанда Қытайда III ғасырдан бастап Рим империясының шекарасында болған жағдайғаларға ұқсас процестер өтті. Суннулардың бір



Fig. 3. Hun Silver plate. Noin-Ula. Northern Mongolia. The turn of our era [Ускенбай 2008: 117]  
3-сур. Ғұндардың дөңгелек күміс айылбасы. Ноин-Ула. Солтүстік Моңғолия. Б.з. шамасы [Ускенбай 2008: 116]  
Рис. 3. Гуннская серебряная бляха. Ноин-Ула. Северная Монголия. Рубеж нашей эры [Ускенбай 2008: 117]

бөлігі, сяньбилер мен ежелгі қытайлардың өзге де көшпенді көршілері Ортақытай жазығына біртіндеп орала бастады. Бұл кезде Хань империясы мен Аспан астында бұлғақ болып жатқан.

Атиланың Римге жорығынан соң жүз жылдан аса, 308 жылы сюнну қолбасшысы Лю Юань өзін императормын деп жариялады. Ал оның мұрагері үш жылдан кейін Цзинь империясының астанасын алып, Аспан Ұлы – Қытай императорын тұтқынға алды. Соның салдарынан ежелгі қытайлар оңтүстікке қарай жаппай қашты. Сөйтіп Ортақытай жазығында «жабайы мемлекеттер» бірінен кейін бірі пайда болып, жойылып, ауыса бастады.

Көшпенді халықтармен, бәрінен бұрын сюннулармен қарым-қатынастың күшейгені ежелгі қытайдың этникалық қауымдастығын өзгерте бастады. Сол себепті де «Халықтардың ұлы көші» ежелгі қытайларды «қайта туу мен өзгеріске» мәжбүрледі. Қытай тарихшыларының бірінің сөзіне қарағанда, ежелгі қытай мен бүгінгі қытайдың арасындағы алшақтық ежелгі римдіктер мен бүгінгі италяндықтардың айырмасымен бара-бар.

Осылайша, сюннулар мен ғұндардың орасан зор көші Шығыс Азиядан Батыс Еуропаға дейінгі кең байтақ жерді мекендеген көптеген халықтың келбетін өзгертіп жіберді.



Fig. 4. Hunnic bronze belt buckles. Inner Mongolia. 2<sup>nd</sup> century BC – 1st century AD [Ускенбай 2008: 115]  
4-сур. Ғұн белбеулерінің қола айылбасы. Ішкі Моңғолия. Б.з.д. II ғ. – б.з. I ғ. [Ускенбай 2008: 115]  
Рис. 4. Гуннские бронзовые поясные пряжки. Внутренняя Монголия. II век до нашей эры – I век нашей эры [Ускенбай 2008: 115]



Fig. 5. Attila – leader of the Western Huns.  
Reconstruction by Mikhail Gorelik. Archive  
of the Institute for Humanities Studies ABDI  
[Ускенбай 2008: 117]

5-сур. Аттила – батыс ғұндардың жетекшісі.  
Михаил Гореликтің жаңғыртпасы. АБДИ  
гуманитарлық зерттеу институтының архиві  
[Ускенбай 2008: 117]

Рис. 5. Аттила – предводитель западных гуннов.  
Реконструкция Михаила Горелика. Архив  
Института гуманитарных исследований  
АБДИ [Ускенбай 2008: 117]



Қытай жылнамашыларының терминологиясында аталатын «солтүстіктегі бес халықтың» ішінде III–VI ғасырларда Солтүстік Қытайда «жабайы варварлар мемлекетін» құрған суннулар мен сяньбилер айрықша көрінеді. Кейін олар ежелгі Қытайдың ең көп халқы – қытайларға сіңісіп кетті. Ассимиляция процесі ежелгі қытай этносына сапалық тұрғыдан да әсер етті. Бастапқыда жат көрінген суннулар мәдениетінің кейбір элементтерін қабылдаған ежелгі қытайлардың өзгермеуі мүмкін емес еді. Біздің заманымыздың I мыңжылдығының екінші жартысындағы қытайлар Хань дәуірінде өмір сүрген ата-бабаларынан айтарлықтай ерекшеленді [Крюков және басқалар 1983: 3–4, 68–71].

Бұл өмірде мәңгі ештеңе жоқ, Орталық Азия мен Еуропада жүздеген жылдар үстемдік еткен суннулар мен ғұндардың дәуірі аяқталды. Олар жойылғанымен олардың аттары жаугершілік, жабайылық, қатыгездіктің синонимі секілді тарихта қалды. Әйтсе де тек Еуразия тарихына ғана емес, әлем тарихының әрі қарайғы дамуына да ықпал еткенін теріске шығару мүмкін емес. Құл иеленушілік құрылыстың тірегі саналған Батыс Рим империясының құлауына әкелген тарихи сілкіністердің катализаторы ретінде көбіне ғұндар аталады.

Сунну жаугершілігі Орталық Азия мен Шығыс Еуропаның ежелгі тарихындағы «сақ-скиф» кезеңіне нүкте қойып, ежелгі дәуір мен ортағасырды байланыстыратын кезең келгенін көрсетті және «Халықтардың ұлы көші» деген атқа ие болды. Бұл – алуан түрлі тайпалар бір сәтте үдере көшіп, өте алысқа жылдам жылжыған жүзжылдық еді. Ақыр соңында екі әлемдік империя – Рим империясы мен Хань империясы құлады. Сөйтіп адамзат тарихында жаңа дәуір – Ортағасыр басталды.

Ол кезеңде герман, славян және өзге де халықтардың қозғалысына түрткі болған бастапқы әлеуметтік және демографиялық себептер әртүрлі және күрделі мәселе екені рас. Қалай болғанда оған II ғасырда атамекенін тастап, екі жарым ғасырдан соң ғұндар деген атпен



Еуропа тарихына енген Азия суннуларының батысқа қарай жаппай ауа көшкені үлкен серпіні бергені күмәнсіз [Миняев 1988: 113–125].

Суннулар мен ғұндар құрған құдыретті империя тек қана отырықшы халықтар мен олардың ұлы империяларына ғана емес, сонымен қатар Ұлы Далаға да ықпал етіп, материалдық мәдениеттің жаңа тұрпаты мен қоғамдық нормаларын орнықтырды.

Осылайша «Халықтардың ұлы көшінің» әсері байырғы кезеңдегі оқиғалармен шектеліп қалмады. Орталық Азия мен Шығыс Еуропада ортағасырда өмір сүрген көптеген тайпалар мен халықтардың шығу тегін суннулармен, ғұндармен байланыстыратыны кездейсоқ емес.

Бірақ, түркілердің Кореядан Қырымға дейінгі аралықта Еуразияның алғашқы дала империясы – Түрік қағанатын құрғанын өзге, «Халықтардың ұлы көшінің» тарихи инерциясы әрі қарай да жалғасты. Шыңғыс хан мен оның алғашқы мұрагерлері Жапониядан Адриатикаға дейінгі ұлан-ғайыр кеңестікті жаулады. Ата-бабасы Орталық Азия түкпірінен ауып келген осман түріктерінің жорығы нәтижесінде үш құрлыққа жайылған Осман империясы құрылды.

1644 жылы көшпенді маньчжурлар Қытайды бағындырды, Орталық Азия түркілері Үндістанды жаулап, Дели сұлтандығы мен Ұлы Моғол империясы сықылды үнді мемлекеттігінің империялық дәстүрін жаңғыртты [Еремеев 1982: 19–42].

«Халықтардың ұлы көшінің» Орталық Азиядағы соңғы инерциясы – дүркіреп көтеріліп, тез жойылған Жоңғар хандығы болса керек. Жоңғарлар Еділ жағалауы мен Шығыс және Орталық Азияның жаңа тарихында елеулі із қалдырды.

## Қорытынды

Ежелгі дәуірдің құдыретті империялары тарих қойнауына әртүрлі жолдармен кетті: кейбірі ежелгі Қытайдың Цинь және Хань империялары секілді гүрс етіп құлады немесе юэчжилер секілді ұзақ дерттен көз жұмды. Сунну мен ғұн мемлекеттері тәрізді мидай сапырылысып, сағымға айналды... Үрей, зорлық-зомбылық, жаугершілік арқылы мықты мемлекет құру мүмкін емес болып шықты. Қазіргі түрік, моңғол, тұңғыс-маньчжур халықтарының арғы тегі саналатын ежелгі суннулар мен ғұндар тарихы осыны көрсетті.

## Библиография

- Бичурин Н.Я. (Иакинф).* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Том 2. Москва; Ленинград: Изд-во АН СССР, 1950.
- Еремеев Д.Е.* Роль кочевников в этнической истории // Расы и народы. Современные этнические и расовые проблемы. Ежегодник. Выпуск 12. Москва: Наука, 1982. С. 19–42.
- Жумагулов К.Т.* Гүнны в Европе. К современной постановке и трактовке проблемы // Вестник КазГУ. Серия историческая. 1998. № 9. С. 35–38.
- Исмаилова С.Т. (ред.).* Энциклопедия для детей. Всемирная история. Том 1. Москва: Аванта+, 1996.
- Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алматы: Рауан, 1992.
- Крюков М.В., Переломов Л.С., Софронов М.В., Чебоксаров Н.Н.* Древние китайцы в эпоху централизованных империй. Москва: Главная редакция восточной литературы, 1983.
- Крюков М.В., Малявин В.В., Софронов М.В.* Китайский этнос на пороге средних веков. Москва: Наука, 1979.
- Латышев В.В. (пер.).* Известия древних писателей греческих и латинских о Скифии и Кавказе. Том 2. Латинские писатели. Выпуск 2. Санкт-Петербург: Типография Императорской академии наук, 1906.
- Миняев С.С.* Исчезнувшие народы. Сунну // Исчезнувшие народы. Москва: Наука, 1988. С. 113–125.

Сыма Цянь. Ши-цзи (Исторические записки). Пекин: Бо-на, 1958.

Таскин В.С. (пер.). Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). Москва: Наука, 1968.

Ускенбай К.З. (ред.). Большой атлас истории и культуры Казахстана. Алматы: АБДИ Компани, 2008.

## Reference

Bichurin, N.Ya. (Iakinf). 1950. *Sobranie svedenij o narodah, obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena* [A collection of information about the peoples who lived in Central Asia in ancient times]. Vol. 2. Moscow; Leningrad: Publishing House of the USSR Academy of Sciences (in Russian).

Eremeev, D.E. 1982. Rol' kochevnikov v jetnicheskoj istorii [The role of nomads in ethnic history]. In: *Rasy i narody. Sovremennye jetnicheskie i rasovyje problemy* [Races and Peoples. Contemporary ethnic and racial problems]. Yearbook. Issue 12. Moscow: Nauka, 19–42 (in Russian).

Ismailova, S.T. (ed.). 1996. *Jenciklopedija dlja detej. Vsemirnaja istorija* [Encyclopedia for children. The World History]. Vol. 1. Moscow: Avanta+ (in Russian).

Klyashtorny, S.G., Sultanov, T.I. 1992. *Kazahstan. Letopis' treh tysjacheletij* [Qazaqstan. Chronicle of three thousand years]. Алматы: Rauan (in Russian).

Kryukov, M.V., Malyavin, V.V., Sofronov, M.V. 1979. *Kitajskij jetnos na poroge srednih vekov* [Chinese ethnic group on the threshold of the Middle Ages]. Moscow: Nauka (in Russian).

Kryukov, M.V., Perelomov, L.S., Sofronov, M.V., Cheboksarov, N.N. 1983. *Drevnie kitajcy v jepohu centralizovannyh imperij* [Ancient Chinese in the era of centralized empires]. Moscow: Main editorial office of Eastern literature (in Russian).

Latyshev, V.V. (trans.). 1906. *Izvestiya ancient Greek and Latin writers about Scythia and the Caucasus* [News of ancient Greek and Latin writers about Scythia and the Caucasus]. Vol. 2. Latin writers, 2. Saint-Petersburg: Typography of the Imperial Academy of Sciences (in Russian).

Minyaev, S.S. 1988. Ischeznuvshie narody. Sjunnu [Disappeared peoples. Xiongnu]. In: *Ischeznuvshie narody* [Disappeared peoples]. Moscow: Nauka, 113–125 (in Russian).

Sima Qian. 1958. *Shi-tzu* (Historical Notes). Beijing: Bo-na (in Chinese).

Taskin, V.S. (trans.). 1968. *Materialy po istorii sjunnu (po kitajskim istochnikam)* [Materials on the history of the Xiongnu (according to Chinese sources)]. Moscow: Nauka (in Russian).

Uskenbay, Q.Z. (ed.). 2008. *Bol'shoj atlas istorii i kul'tury Kazahstana* [Large atlas of history and culture of Qazaqstan]. Алматы: ABDI Company, 2008.

Zhumagulov, K.T. 1998. Gunny v Evrope. K sovremennoj postanovke i traktovke problem [Towards a modern formulation and interpretation of the problem]. In: *Bulletin of Qazaq State University. The series is historical*, 9, 35–38 (in Russian).

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 01.09.2023

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами: 20.11.2023

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 01.12.2023

